




Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Психология


10-дәріс



Мандыкаева Алмагуль Рамазанқызы
психология ғылымдарының
кандидаты доцент м.а.



ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ПЕРЦЕПТИВТІ ЖАҒЫ



Қарым-қатынастың перцептивті жағы – қарым-қатынас процесіндегі адамдардың бірін-бірі қабылдауы ретінде

Қарым-қатынастың перцептивті аспектісі – адамның адамды қабылдауы, түсінуі және бағалауы.


Бұлтерминді американдық психолог Дж.Брунер енгізді, ол эксперименттер барысында адамның басқа адамдар туралы түсінігі оның жеке ерекшеліктері мен әлеуметтік-мәдени факторларға байланысты болатындығын анықтады.



Піл туралы аңыз

Піл туралы аңыз: көзі көрмейтін зағип 6 дана қариялар тұратын ауылға піл алып келеді. Пілдің қандай екендігін білгісі келген соқыр ақылды кісілер, пілге жақындап әр қайсысы өз ойларын айта бастайды. Бірі – пілдің құлағын ұстап, мынау желдеткішке ұқсайды десе, екінші дана кісі – тұмысығын ұстап – жылан, үшіншісі аяғын ұстап ағаш дөңі, төртіншісі – құйрығын ұстап көріп арқан жіп, бесіншісі – пілдің денесін жанынан ұстап көріп биік қабырға, алтыншысы – найза деп жамыраса кетеді. Осылайша пілдің қандай екенін толық танып біле алмапты.

Перцепция мәні



Әлеуметтік қабылдаудың ерекшеліктері

Әлеуметтік қабылдау субъектісінің белсенділігі: жеке адам, индивид, тұлға, топ мүшесі ретінде белсенділік иесі, пассивті емес қабылданған адамға бей-жай қарамайды.

Қабылдаудың тұтастылығы: қабылдау объектінің мағыналығын, **бағасын жобалай отырып тұтас объект ретінде қабылдау ерекшелігі.**

Әлеуметтік қабылдау субъектісінің мотивациясы, қабылданатын объектіге танымдық қызығушылық, эмоциялық қатынас тұрғысында қабылдау ерекшелігі.


Әлеуметтік перцепцияның негізгі функциясы

Өзін-өзі тану

Қарым-қатынас серігін тану

Өзара түсіністік

Бірлескен іс-әрекетті (эмоциялық
қатынасты) жүзеге асыру



Адамның бірін-бірі қабылдау ерекшелігі

Жас ерекшелігі

Жеке даралық

Жыныстық-рольдік

Кәсіби рольдік

Қарым-қатынастың перцептивті механизмдері: эмпатия

Эмпатия - басқа адамды эмоционалды қабылдау, оның ішкі әлеміне ену, оны барлық ойларымен және сезімдерімен қабылдау қабілеті.

Эмпатия - уайымдауға қабілеттілік, өзін басқа адамдардың орнына қоюға ниеті, оның әрекеттері, мимикалық реакция, дене қимылы негізінде эмоциялық жағдайы.

Эмпатияның даму деңгейлері:

Жоғарғы - жекелеген жағдайларда ғана емес, бүкіл өзара әрекеттесу процесінде басқа адамның күйіне бірден ену мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Орташа - қарым-қатынас барысында басқа адамның уайымын аралық бөлісу.

Төменгі - әңгімелесушімен сөйлесе отырып, адамның күйіне, ниетіне немқұрайлылық таныту



Қарым-қатынастың перцептивті тәсілдері

Сыртқы бейнесі


Әрекет реакциясы
Сыртқы келбеті

Ішкі бейнесі

Әлеуметтік
сипаттамасы

Тұлғалық
қасиеттері






Идентификация, децентрация

- Идентификация (Сәйкестендіру) - өзін әңгімелесушіге ұқсату, өзін соның орнына қоя білу.
- Децентрация - өзінің эгоцентризмін жеңе алу қабілеті, басқа ықтимал көзқарастарды ескеріп, қабылдай алу.

Децентрацияның дамуы тұлғаның әлеуметтенуін, кемелденуін, қабылдау позицияларын меңгере алуын, коммуникативтік дағдыларын жетілдіруін қамтамасыз етеді.






Аттракция


Аттракция - басқа адамды қабылдау кезінде, симпатияның туындауы, үйлесімділікті, сүйіспеншілікті тартымдылықты, бауырбасушылықты сезіну, осы арқылы қарым-қатынас жағымды бола түседі.

Тұлғааралық аттракция (лат. attrahere - тарту, тартымдылық) - адамдар арасындағы қарым-қатынас процесінде туындайтын эмоциялардың барлық спектрін сипаттау үшін қолданылатын ұғым.



Аттракцияға әсер ететін және кедергі жасайтын факторлар





Қалай ойлайсыздар, қолымыздағы телефон тұлғааралық қарым-қатынаста адамдардың бірін-бірін қабылдауға, бірін-бірін дұрыс түсінуге, адекватты бағалауға әсер етеді ме?

<https://www.youtube.com/watch?v=30YLo2g7haE>

Толеранттылық

- Толеранттылық – кез-келген адамның өзінің жеке даралығын көрсетуде оның барлық көптеген мәдени формаларындағы қарым-қатынас ерекшеліктеріне сыйластықпен қарау, адекватты қабылдау, дұрыс түсіну.

Толеранттылықтың формалары:

- Саяси;
- Ұлтаралық;
- Нәсілдік;
- Діни;
- Гендерлік;
- Жас ерекшеліктік;
- Физиологиялық;
- Білім және сауаттылық және т.б.


Рефлексия, кері байланыс

- Рефлексия - (лат. reflexio - кері бұрылу) - өзін-өзі тануға, өзіндік эмоциялары мен сезімдерін түсінуге, өзінің қабілеттері мен мінез-құлық ерекшеліктерін танып-білуге бағытталған ақыл-ой процесі.

Термин алғашқыда философияда, кейін ғылымның басқа салаларында, қарқынды дами бастады.

- Кері байланыс – тұлғалардың өзара байланысында жауап беру реакциясында көрінетін қатынас көрінісі. Әсіресе студенттердің оқу үдерісіндегі жүзеге асатын негізгі идеялар мен жетекші принциптердің бірі.





Себеп-салдар (каузалды) атрибуция

Басқа адамның сөздерін немесе іс-әрекеттерін өзінің тәжірибесі мен өзіндік қабылдауы тұрғысынан интерпретациялау.

Адамның әрекеттері, мінез-құлқы кейде жағдайға байланысты немесе сол адамның тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты бағаланады, түсіндіріледі.

<https://www.youtube.com/watch?v=NGSFzjyg284>



Тұлғааралық қабылдау әсерлері

Ореол эффектісі


«Проекциялау» әсері

«Алғашқы» әсер

Басқа адамдардың пікірін тыңдау ниеті мен әдетінің болмауы

«Соңғы ақпарат» әсері





Ореол эффектiсi


Ореол эффектiсi - тұлғаның кейбiр жеке жағымды қасиеттерi оның толық бейнесiн жағымды етуге итермелейдi, содан кейiн адам туралы жалпы жағымды әсерi оның жеке қасиеттерiнде жағымды бағалауға ауысады. Егер адам туралы жалпы әсер жағымды болса, онда оның жағымды қасиеттерi жоғары бағаланады, кемшiлiктерi байқалмайды немесе ақталынады. Ал егер керiсiнше болса, мысалы, адам туралы жалпы әсер жағымсыз болса, онда оның кейбiр жақсы әрекеттерi де байқалмайды немесе өзiнiң жеке бас қамы үшiн орындалды деп дұрыс түсiндiрiлмейдi.

<https://www.youtube.com/watch?v=UmOsZW5aiVg>



The background features a light blue and white color scheme. On the left side, there is a stylized branch with several dark green leaves, each outlined in a thin yellow line. A thin, wavy blue line extends from the branch towards the center. In the top right corner, there is a large, solid light blue circle. In the bottom right corner, there is a single, larger dark green leaf with prominent yellow veins, also outlined in yellow. The text is centered in the middle of the page.

Басқаларды өзіндей көру немесе өзіне қарама-қайшы келетіндей бағалау немесе қабылдау. Адам «барлық адамдар мен сияқты» немесе «басқалар маған мүлдем ұқсамайды» деген қисынды қабылдауға бейім. Өзі күдікті қыңыр болса, басқа адамдарда сондай қыңыр, қырсық. Мейірімді, жанашыр, адал адам, керісінше, бейтаныс адамды өзіндей көріп, басқа адамды қабылдауда қателік жіберуі мүмкін.



«Алғашқы» әсер

Қандай да бір адам туралы алғашқы естіген немесе көрген ақпарат аса маңызды және ұмытылмайды. Және ол сол адаммен кейінгі қатынастарға әсер етеді. Кейінірек сіз бастапқы ақпаратты жоққа шығаратын басқа ақпарат алсаңыз да, сіз бастапқы ақпаратты ескересіз. Басқаны қабылдауға адамның өзінің көңіл-күйі де әсер етеді.



«Соңғы ақпарат» әсері

Егер адам туралы жақында жағымсыз ақпарат алған болсаңыз, бұл ақпарат осы адам туралы барлық бұрынғы пікірлерді сызып тастауы мүмкін.



Стереотипизация эффектісі

Адамдарды бағалау кезінде тұрақты бейне қалыптастыруға бейімділік, әдетте, адамды белгілі бір категорияға (жынысына, жасына, терісінің түсіне және т.б.) жатқызу арқылы, қандай да бір белгілеріне орай бағаланады немесе қабылданады.

Шеткі әсер


Адамды қабылдау кезінде қарым-қатынас кезінде көрінетін шеткі қасиеттер, анық көрінетін қасиеттер бағаланады да ортасындағы, енжар қасиеттер еленбей жатады.

Адамды адам қабылдау механизмдері

В.Н. Панферов пен А.А. Бодалев ғылыми-зерттеу еңбектерінде:

- адамдармен ең алғаш танысу процесінде шаш үлгісі (шаш үлгісі сырт келбетін сөзсіз өзгерте алады),
- содан кейін адамның көзі (көз адамның мінезін сипаттайды, ол зұлым, қу, мейірімді, қарапайым, суық, шынайы болуы мүмкін)
- беттің құбылуы, жест-мимика (сіз ең бірінші танысқан кезде өзіңіздің жаңа танысыңызға шынайы және қуанып күлсеңіз, онда ол сізді досы ретінде қабылдайды, және сізге ыңғайланады) маңызды роль атқарады.

Қарым-қатынастың перцептивті жағын зерттеу өзектілігі



Тұлғааралық өзара әрекеттесу кеңістігі

0 - 15 см. Ең жақын аймақ

15 - 50 см. Жеке аймақ

50 - 120 см. Әлеуметтік аймақ

120-300 см. Қоғамдық аймақ


«Мен» және басқалар

Субординациялық қатынас ерекшеліктеріне байланысты

Жасқа байланысты



Қызмет дәрежесіне байланысты



«Мен» және басқалар

 https://www.youtube.com/watch?v=4o_CloqVPgc

Бекіту сұрақтары

- Тұлғааралық қабылдау әсерлері. Адамды адам қабылдау феноменін қалай түсіндіресіз? Басқа адамдардың біздің көзқарасымызға қалай әсер ететіндігін түсіндіріңіз
- немесе қоршаған ортадағы көпшілік ой біздің жеке көзқарасымыздың өзгеруіне қаншалықты әсер етеді? Азшылық көпшілікке бағынады
- дегенді дәлелдеңіз. «Мен және басқалар» әлеуметтік-психологиялық эксперименттерге талдау жасаңыз.
- «Өзен ағынымен қарсы ағу – өмірді қиындатады, өзен ағынымен ағу – өмірді жеңілдетеді», - деген оймен келісесіз бе?

Қолданылған әдебиеттер тізімі


Андреева Г.М., Социальная психология: Учебник для высших учебных заведений / Андреева Г.М. - М. : Аспект Пресс, 2017. - 363 с.

Ильин Е.П. Психология общения и межличностных отношений. – СПб: Питер, 2009.

Почебут Л.Г. Социальная психология. Учебник для вузов. – Питер, 2017. – 400с.

Аронсон Э. Көпке ұмтылған жалғыз [Мәтін] = The Social Animal: әлеуметтік психологияға кіріспе: [оқулық] / Э. Аронсон; ауд. Д. Д. Дүйсенбеков [жәнет. б.]. -11-бас. -Астана: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2018. -407, [2] б. -(Рухани жаңғыру).

Майерс Д. Әлеуметтік психология [Мәтін] = Social Psychology: [оқулық] / Д. Г. Майерс, Ж. М. Туенж; ауд. Г.Қ. Айқынбаева [жәнет.б.]. -12-бас. -Астана : "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2018. -559, [1] б. : сур. -(Рухани жаңғыру).
<https://presentaci.org/presentaci/psihologia/75044-ubezhdenie-slagayemye-ubezhdenija.html>



Назарларыңызға рахмет!